

**Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 336 Қаулысы

"Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 17 наурыздағы N 67 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Астана қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен Жоспардың орындалуын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін және Астана қаласының әкіміне жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Жоспардың іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат берсін.

4. Астана қаласының әкімі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 28 сәуірдегі  
N 336 қаулысымен

бекітілген

**Астана қаласын орнықты дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Р / с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орында- луына жауапты- лар	Орындалу мерзімі	Болжам- ды шы- ғыстар, мың теңге	Қаржы- ланды- ру көзде- рі
1	2	3	4	5	6	7
<b>1. Орнықты экономикалық дамуды қамтамасыз ету</b>						
1	Қолайлы іскерлік және инвестициялық ахуалды жасауға, ғылыми инфрақұрылымды дамытуға бағытталған, сондай-ақ жоғары қосылған құнмен жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өнімді шығаратын кәсіпорындарды ынталандыру жөніндегі шараларды көздейтін Астана қаласының индустриалды-инновациялық дамуының 2006 - 2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі, ИСМ, БҒМ, АБА	2006 жылғы 2-тоқсан	Болжанбайды	
2	Астана қаласында туристік саланы дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасына туристік кластерді құру және дамыту, астанада халықаралық көрмелер мен конференцияларды ұйымдастыру мен өткізу бөлігінде	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі, Ақмола облысының әкімі	2006 жылғы 4-тоқсан	Болжанбайды	

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу					
3	Астананың сол жақ жағалауында жаңа орталықтардың базасында медициналық қызметтер кластерін құру жөніндегі жоспарды әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСМ, Астана қаласының әкімі	2006 жылғы шілде	Болжанбайды	
4	Жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін арнайы бизнес-білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін бизнес-мектептерін құру жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасы ИСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімі	2007 жылғы 2-тоқсан	Болжанбайды	
5	Халықаралық рейтингілік агенттіктермен жұмысты ұйымдастыру мәселелерін қамтитын халықаралық деңгейде Астана қаласының имиджін көтеру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаны әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі, ЭБЖМ, СІМ, МАМ	2007 жылғы 4-тоқсан	12 000,0	Жергілікті бюджет

Қазақстанның басқа қалаларымен, Ресейдің қалаларымен және Орталық Азия мемлекеттерінің астаналарымен салыстырғанда Астананың бәсекеге қабілеттілігі факторларына талдау жүргізу; қаланың жоғары бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге бағытталған бәсекелік артықшылықтарды күшейту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу

Қазақ-  
т а н  
Респуб-  
ликасы  
ЭБЖМ-ге  
ұсыныс-  
тар,  
Астана  
қаласы  
әкімді-  
гінің  
қаулысы

Астана  
қаласы-  
н ы ң  
әкімі

2007  
жылғы  
3-тоқсан

10 000,0

Жергі-

						лікті бюджет
7	Тауарлар, жұмыстар, қызметтер, қаладағы жұмыс күші нарығындағы, сондай-ақ нарыққа жаңа кәсіпорындардың кіруі кезіндегі әкімшілік кедергілерді азайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Астана қаласының әкімі	2006 жылғы 3-тоқсан	3 000,0	Жергілікті бюджет
8	Бақылаушы мемлекеттік органдар тарапынан кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласудың, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің коммерциялық құрылымдардың мүдделерін қорғауының жолын кесу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы, Қазақстан Республикасы ИСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімі	2006 жылғы 3-тоқсан	Болжанбайды	
<b>2. Қолайлы қоршаған ортаны және орнықты жұмыс істейтін инфрақұрылымды қолдау</b>						
9	Астана қаласы тұрғын үй қорының жай-күйіне талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қаласының әкімі	2007 жылғы 2-тоқсан	Болжанбайды	

10

Астана қаласында салынған және тұрғызылып жатқан барлық ғимараттар мен құрылыстарды, оның ішінде алғашқы үлгілік сериядағы жаппай салынған тұрғын үйлерді тиісті жағдайда ұстау жөніндегі 2008-2016 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаны әзірлеу

Астана қаласы мәслихатының шешімі

Астана қаласының әкімі

2007 жылғы 3-тоқсан

6 000,0

						лікті бюджет
11	Қала құрылысы нормативтерінің және құрылыс нормалары мен ережелерінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін қайта қарау жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының ИСМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімі	2007 жылғы 2-тоқсан	Болжанбайды	
12	Орнықтылық қағидаттарын қолдана отырып "көп функционалды" ауданды құру жөніндегі пилоттық жобаның тұжырымдамасын әзірлеу (іскерлік, қызмет көрсететін және әртүрлі үлгідегі және меншік түрлеріндегі тұрғын үй объектілерін үйлестіру, жүргінші, велосипед және автомобиль жүйелерінің өзара байланыста жұмыс істеуі, қоғамдық көлік тораптарымен байланысты қамтамасыз ету, құрылыстың жоғары тығыздылығы, жоспарлау үдерісіне жұртшылықты тарту)	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласының әкімі	I кезең - 2006 жылғы 4-тоқсан II кезең - 2007 жылғы 1-тоқсан	2006 жыл - 5 780,2	Жергілікті бюджет
13	Қалада қалдықтарды басқару жүйесін енгізу жөніндегі, олардың жиналуын, қайта өңделуін, қайталап пайдаланылуын және кәдеге жаратылуын көздейтін	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі,	2007 жылғы 1-тоқсан	Болжанбайды	

	2008 - 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарлама әзірлеу		Қоршаған орта-мині			
14	Атмосфераның ластану деңгейін азайту, қала кәсіпорындарында экологиялық таза өндірістер, автокөлікті экологиялық таза отын түріне ауыстыру стратегиясын енгізуді ынталандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Астана қаласы әкімді-гінің қаулысы	Астана қаласы-ның әкімі, Қорша-ған орта-мині	2008 жылғы 4-тоқсан	Болжанбай-ды	
15	Кәсіпорындарда, қаланың тұрғын үй-коммуналдық саласында отын-энергетика ре-сурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған энергия үнемдеу-дің 2008 - 2010 жылдарға арнал-ған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәсли-хатының шешімі	Астана қаласы-ның әкімі, ЭМРМ	2007 жылғы 1-тоқсан	Болжанбай-ды	
16	Қалалық инженер-лік жүйелерді басқару сапасын арттыру, су құбырлары мен кәріздің жаңала-рын салу және қазіргілерін жаңғырту, нөсер-лік кәріз және жылумен жабдық-тау жүйелерін дамыту, қаланың жер бетіндегі су ағысын жақ-сарту, абаттан-дыру мен көгал-дандыру, шуды төмендету және	Астана қаласы әкімді-гінің қаулысы	Астана қаласы-ның әкімі, ЭМРМ	2006 жылғы 4-тоқсан	Болжанбай-ды	



	элетромагнитті өрістердің теріс әсерін азайту жөніндегі іс-шараларды қамтитын Астана қаласының инфрақұрылымын дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу					
17	Астананы дамытудың Бас жоспарына енгізілген өзгерістерді ескере отырып қалалық ортаны сәулет-көркемдік жағынан ұйымдастырудың 2007 - 2015 жылдарға арналған өңірлік кешендік дизайн-бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі	I кезең - 2006 жылғы 3-тоқсан II кезең - 2006 жылғы 4-тоқсан	80 000,0	Жергілікті бюджет
18	Энергиямен жабдықталуында профессиивтік халықаралық және отандық технологиялар базасында жел мен күн энергиясын пайдаланатын құрылғылар қолданылатын ғимараттарды жобалау мен салу мүмкіндіктеріне талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қаласының әкімі, ЭМРМ, ИСМ	2007 жылғы 3-тоқсан	10 000,0	Жергілікті бюджет
19	Астана қаласында жол қозғалысының, оның ішінде жүргінші мен велосипед қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған өңірлік кешендік бағдарламаны әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі	2006 жылғы 3-тоқсан	Болжанбайды	

20	Астананың талаптарын ескере отырып көлік заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасы ККМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімі	2006 жылғы 3-тоқсан	Болжанбайды	
<b>3. Әлеуметтік жағынан орнықты қоғамды қалыптастыру</b>						
21	Астана қаласында салауатты өмір салтын қалыптастырудың 2006 - 2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі	2006 жылғы 2-тоқсан	Болжанбайды	
22	Астана қаласының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі	2007 жылғы 4-тоқсан	Болжанбайды	
23	Астана қаласының білім беру жүйесін дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі	2007 жылғы 4-тоқсан	Болжанбайды	
24	Астана қаласы әлеуметтік дамуының 2008-2013 жылдарға арналған кешенді өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі	2007 жылғы 4-тоқсан	Болжанбайды	
25	"Балалар қалашығын" құру тұжырымдамасын әзірлеу	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласының әкімі	2008 жылғы 4-тоқсан	Болжанбайды	
26	"Көп балалы отбасы" қалалық	Астана қаласы	Астана қаласы-		950,0	

	қорын құру тұжырымдамасын әзірлеу	әкімдігінің қаулысы	н ы ң әкімі	2008 жылғы 3-тоқсан		Жергілікті бюджет
27	Егде жастағы жалғыз басты азаматтар мен мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған қалалық»Әлеуметтік үй»және Әлеуметтік қызмет көрсету орталығын құру тұжырымдамасын әзірлеу	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласы-н ы ң әкімі	2007 жылғы 3-тоқсан	Болжанбайды	
28	Қала халқын қолжетімді тұрғын үйдің көп түрімен қамтамасыз ету жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаны әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласы-н ы ң әкімі	2007 жылғы 4-тоқсан	Болжанбайды	
29	Оқу орындарында және өндірісте ұрпақты еңбекке тәрбиелеуді қамтитын еңбек нарығындағы сұраныстарға сәйкес жұмысшы мамандықтарының білікті кадрларын даярлаудың 2008 - 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласы-н ы ң әкімі	2007 жылғы 4-тоқсан	Болжанбайды	
30	Мемлекеттік басқару органдарының шешімдер қабылдау үдерісіне жұртшылықты тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласы-н ы ң әкімі	2007 жылғы 4-тоқсан	3 950,0	Жергілікті бюджет
	Астана қаласының мәдениет саласын дамытудың 2006	Астана қаласы	Астана қаласы-			

31	- 2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	мәслихатының шешімі	н ы ң әкімі	2006 жылғы 2-тоқсан	Болжанбайды	
<b>4. Қалалық басқару жүйесін жетілдіру</b>						
32	Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды мониторингілеу мен бақылау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қызметінің стратегиялық мақсаттарға сәйкестігін бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу: стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды мониторингілеу мен бақылау жүйесінде пайдалану үшін жергілікті атқарушы органдар қызметінің түйінді көрсеткіштерін әзірлеу жобалар мен бағдарламалардың орнықты дамуға, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне бағалау жүргізу әдістемесін әзірлеу және енгізу	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласының әкімі	2006-2008 жылдар	2006 жылы- 90 000,0 2008 жылы- 20 000,0	Жергілікті бюджет
33	Қаланы орнықты дамыту көрсеткіштеріне қол жеткізудің мониторингін жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласының әкімі	2007 жылғы 4-тоқсан	20 000,0	Жергілікті бюджет

34	Астана қаласын орнықты дамыту мәселелері бойынша техникалық көмек көрсету жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Хабитат бағдарламасымен ынтымақтастық жөніндегі құжаттарды дайындау	БҰ-ның Хабитат бағдарламасы директорының атына қала әкімінің хаты	Астана қаласының әкімі, СІМ	2006 жылғы 3-тоқсан	Болжанбайды	
35	Халыққа және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласында Астана қаласының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар, қала мекемелері мен кәсіпорындары көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын әзірлеу (кезең-кезеңмен)	Қазақстан Республикасы ЭБЖМ-ге ұсыныстар	Астана қаласының әкімі, мүдделі мемлекеттік органдар	I кезең-2007 жылғы 3-тоқсан II кезең-2008 жылғы 3-тоқсан	2007 жыл - 25 000,0 2008 жыл - 25 000,0	Жергілікті бюджет
36	2006 - 2008 жылдарға арналған "Электронды Астана қаласы" өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының шешімі	Астана қаласының әкімі, АБА	2006 жылғы 3-тоқсан	4 000,0	Жергілікті бюджет
37	Мемлекеттік қызметшілердің, қаланың мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарының мамандарының орнықты дамыту мәселелері бойынша біліктілігін арттыру мен оларды оқытудың 2008-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын әзірлеу	Астана қаласы мәслихатының бағдарламаны бекіту туралы шешімі	Астана қаласының әкімі, БҒМ, МҚА	2007 жылғы 3-тоқсан	Болжанбайды	
					2006 жыл - 182 780,2 2007 жыл -	

Жиыны:			2006 - 2008 жылдар	86 950,0 2008 жыл - 45 950,0 2006- 2008-315 680,2	Жергі- лікті бюджет
--------	--	--	--------------------------	--	---------------------------

**Е С К Е Р Т У :**

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау

м и н и с т р л і г і

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

м и н и с т р л і г і

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.